

***Түркістан облысы білім басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»МКҚК***

01-16

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамалары

***5 жыл
16 тармақ(14)***

***Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және
олармен бірдей электрондық құжаттар.***

2024-2025оқу жылы

05.09.2024 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1. Қызметкерлердің еңбек өтілін үйлестіру тарификация бекіту.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.

1.Тыңдалды Бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева қызметкерлердің еңбек өтілін үйлестірумен және тарификация кестесімен таныстырды. Қызметкерлердің еңбек өтілі мен тарификация кестесін дайындау кәсіподақ төрайымы А.Кемелбекова мен есепші Ш.Аштархановаға жүктелгенін айтты.Еңбек өтілдері,жүктемелері және міндеттері туралы айтылды.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша топ тәрбиешілері жаңа оқу жылына топтардың жабдықталуы және дайындығы туралы мәлімет жасады. Топ бұрышы,ата-ана бұрышы,топтың тізімі,толықтырылуы,ауыстырылуы бойынша,жалпы оқу жылына дайындықтары талқыланды.Оқу тәрбие жұмыстарына арналған дидактикалық материалдарды толықтыруды,жинақтауға ұсыныстар берілді.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева сөз алып жалпы және топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу уақыты мен күнін белгілеуді ұсынды.Бөбекжай әдіскері Ұ.Маханбет «ата-аналармен жұмыстың жаңа формалары»тақырыбында баяндама оқыды.Ата-аналармен тренинг ұйымдастыру, топтық жеке кеңес беру,сауалнама жүргізу,үйірме жұмыстары туралы түсіндіріп ұсыныстар айтты. Біртұтас тәрбие жұмыстарының жоспарына сәйкес ата-аналарды оқу тәрбие жұмыстарына араластырып үнемі байланыста болуға шақырды.

Шешімі:

1. Қызметкерлердің еңбек өтілі кестесі мен тарификация кестесі бекітілсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп бағалансын. Оқу тәрбие жұмыстарына арналған дидактикалық материалдар толықтырылсын.
3. Топтардағы ата – аналар жиналысы жаңа форматта ұйымдастырылып өткізілсін.

Кеңес төрайымы

Хатшысы



Нуралиева Ж.К

Маханбет Ұ.С

15.10.2024ж

Күн тәртібі

1. Мәдени-гигиеналық дағдылардың орындалуы. Эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы.

2. Ұжымға арналған тренинг'' Көңілі көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті''

3. ''Республика күні'' мерекесіне арналған тақырыптық іс-әрекет

1. Тыңдалды Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева сөз алып, мәдени-гигиеналық дағдылардың орындалуына талдау жүргізді. Сондай-ақ бөбекжайда эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы туралы айтып өтті. Топта тазалықтың сақталуы заласыздандыру шаманың сақталуы уақытылы жуып шомылуы бәрі айтылды. Бөбекжайда тұмау немесе басқа да себеппен ауырған балаларды қабылдамау, ата-анасына ескерту дәрігердің анықтамасы бойынша себебін енгізу т.б сол сияқты мәселелер талқыланды.

2. Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай психологы Ж.Нуралиева сөз алып, ұжымға арналған «Көңілі көтеріңкі ұстаздың еңбегі де жемісті» тақырыбында тренинг ұйымдастырды. Ең бірінші бір-біріне арналған жақсы тілек айтудан бастады. Бұл тренинг ұжымды біріктіріп, әр педагогтың еңбегін бағалап жұмыс орнындағы ынтымақты арттыруға мүмкіндік береді. Жағымды естеліктермен бөлісіп жағымды көңіл-күй қалыптастырады.

3. Тыңталды Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие өз елінің тарихын мәдениетін құрметтеуге ықпал етеді. Мен еліммен мақтанамын тақырыбында іс-шара өткізілді. Ересек Аяулым тобында С.Сарыбаева мен ортаңғы Балауса тобында А.Кемелбекова балаларды патриоттыққа тәрбиелеу жұмыстарын көрсетті. Мәнерлеп тақпақ айтып Қ.Р-ның рәміздерін атап құрастыруды үйренді.

Шешімі:

1. Бөбекжайда мәдени-гигиеналық дағдылардың және эпидемиологиялық тәртіптің сақталынуы қадағалансын.

2. Ұжымда оң қарым-қатынас орнатылсын.

3. Мен еліммен мақтанамын мерекесіне арналған топтық іс-шаралардың қорытындысы жасалды деп есептелінсін.

Кенес төрайымы

Хатшысы



Ж.Нуралиева

Маханбет Ұ.С

Өткізілу мерзімі 11.11.2024ж

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер.

- 1.Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін оқу тәрбие жұмыстарына талдау жүргізу.
- 2.Педагогикалық шеберлік апталығын талдау.
- 3.Алтын күз ертеңгілігінің қорытындысы.

Тыңдалды:

1.Бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Қалиева сөз алып,балабақшада күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру туралы мәлімдеме жасады.Қыс мезгіліне байланысты балаларды серуен кезінде жылы киіндіріп,ауа-райына сәйкес жоспарлануы туралы айтты.Ортаңғы «Балауса»және ересек «Аяулым»тобында күн тәртібі бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде екенін айтты.

2.Педагогикалық шеберлік апталығы ұйымдастырылды.Мақсаты-Педагогтардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.Жаңа әдіс-тәсілдермен таныстыру.Біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес ұлттық құндылыққа кіретін түрлі ойындарды тәрбиешілер балалармен қызықты етіп өтті.Денсаулық және қауіпсіздік жайлы ашық іс-әрекеттер медбике мен әдіскер өтті.Іс-шаралардың мазмұны олардың заманауи әдістер мен технологияларға сай болуы.Тәрбиешілер өз идеяларымен бөлісіп тәжірибелерімен алмасты.Кері байланыс нәтижелер болды.Қатысқан педагогтер марапатталды.

3.Алтын күз ертеңгілігінің қорытындысы-бұл мерекелік шараның балалардың тәрбиесі мен дамуына қосқан үлесін ата-аналардың қатысуын және іс-шараның жетістігін бағалауды қамтиды.Балалар күз мезгілінің ерекшеліктерін біле ,қызығушылықтары арттыжәне жаңа мағлұматтар алды.Ересек тобынан С.Сарыбаева «Жомарт күз»ертеңгілігі,ал ортаңғы топтан А.Кемелбекова «Арайлы алтын күз»ертеңгілігін өткізіп алды.Балалар көрмеге шебер қолдар әкеліп қойды.Барлығы жоғары деңгейде болды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Күн тәртібінің орындалуы уақытта сай жоспарланып жүргізілу топ тәрбиешілеріне жүргізілсін.
2. Педагогикалық шеберлік апталығының қорытындысы жасалынды.
3. «Алтын күз» мерекесі өз деңгейінде ұйымдастырылған. Жұмыс нәтижесі жақсы деген баға берілсін.

Кенес төрайымы



Әдіскер

Ж.Нуралиева

Ұ.Маханбет

Күн тәртібінде қаралған мәселелер.

- 1.Мерекелік іс-шаралардың қорытындысы.
- 2.Жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана келе ұсақ қол моторикасын қалыптастыру.
- 3.Жұмыс уақытындағы инструктаж.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары желтоқсан айында өткізілген мерекелік іс-шаралардың қорытындысын жасады.Тәуелсіздік мерекесіне орай тақырыптық іс-әрекетке талдау жасалынды.Балалар Отан,Туған ел,патриоттық сезімде аталатын тақпақтар айтып,рәміздерді құрастырды.Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілікте балалардың қызығушылығымен,қызықты ойындармен,ән айтып,би билеп көңілді мерекелік іс-шара болғаны талқыланды.

2.Екінші мәселе бойынша бөбекжай психологы Ж.Нуралиева ұсақ қол моторикасын дамыту балалардың когнитивтік,тілдік және шығармашылық дамуына елеулі әсер ететінін айтты.Жаңа педагогикалық технологиялар осы бағытта балалардың қызығушылығын арттыра алады.Бұл мақсатта әр түрлі интерактивті әдістер мен құралдар қолдануға болады.Заманауи технологиялар ұсақ қол моторикасын дамыту үшін арнайы қосымшалар мен ойындар ұсынады.Мозаика және құрастыру ойындары:Балаларға түрлі пішіндер мен түстерден мозаика жасау немесе құрастыру ойындарын ұсыну,сонымен қатар белгілі бір бейнелерді жасау ұсақ қол моторикасын дамытады.Қолмен жұмыс жасау:Мысалы саз балшықтан мүсін жасау,түрлі түсті қағаздардан көркем туындылар жасау сияқты жұмыстар арқылы моториканы дамытуға болады.Бұл әдістер баланың ойлау процесін және ұсақ моториканың дамуын ықпал етеді.Сонымен қатар балалардың жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы қызығушылығы әрі қарай дамитын болады.

3.Келесі мәселе бойынша бөбекжайдың шаруашылық меңгерушісі А.Тналиева сөз алып,жұмыс уақытында берілетін инструктаж нұсқаулықтардың сақталуы бойынша айтып өтті.Кеңеске қатысушы қызметкерлерге еңбек барысындағы қауіпсіздік,өрт қауіпсіздігі,жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталынуы туралы айтты.Бөбекжай тәрбиешілері тәрбиеленушілердің қауіпсіздігіне тікелей жауапты екені түсіндірілді.Қауіпсіздік ережелерінің сақталуы орындалуы бойынша нұсқаулыққа жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Шешімі:

1.Желтоқсан айындағы мерекелік іс-шаралардың орындалуы бойынша қорытынды қанағаттанарлық деп бағалансын.

2.Қорытындылай келе,ұсақ қол моторикасын дамыту үшін жана технологияларды пайдалану-бұл балалардың жалпы дамуына ықпал ететін маңызды құрал болып табылады.Осы мәселе бойынша жұмыстар жүргізілсін.

3.Бөбекжайда еңбек етумен жұмыс барысындағы нұсқаулықтардың орындалуы,сақталуы қадағалансын.

Кеңес төрайымы Ж.Нуралиева

Әдіскер У.Маханбет



Күн тәртібінде қаралған мәселелер

- 1.Мемлекеттік ЖМБС-тандартының индикаторларының негізінде жасалған аралық мониторинг қорытындысы.
- 2.Экологиялық бейне ойындар сайысының қорытындысы.
- 3.Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттердің қорытындысы.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ұ.Маханбет сөз алып,аралық мониторинг қорытындысын жасады.Аралық мониторинг 2025жылдың қаңтар айында 2 топта жүргізілді.Ортаңғы 25 бала,ересек-25 бала.Жиынтық есебінің пайызы қорытындысы қанағаттанарлық екенін айтты.Жеке дамыту карталары бойынша дамыту,түзету,іс-шаралары ақпан-сәуір айларында жүзеге асырылып,циклограммаға енгізілу жоспарлау керек екенін ескертті.Мониторинг педагогтардың бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

2.Екінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары қаңтар айында өткізілген «Біз экологпыз»атты экологиялық бейне ойындар сайысы мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері арасында өткізілді.Бұл іс-шараның мақсаты-балаларды экологиялық мәселелерге қызықтырып,олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.Тәрбиешілер эксперименталдық іс-әрекеттер ұйымдастырады,балаларға экология туралы білім береді. «Мен- зерттеушімін» ересек тобының тәрбиешісі С.Сарыбаева ашық іс-әрекет өткізді.Мақсаты:Зерттеу жұмыстарын жасағанда өздерін еркін ұстауын қадағалау.Зерттеу әрекеттерін,кұралдарды ұқыптылықпен ұстау дағдыларын қалыптастыру.Өз беттерімен жұмыс жасау барысында ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.

3.Үшінші мәселе бойынша ересек «Аяулым»топ тәрбиешісі С.Сарыбаеваның «Мен Зерттеушімін »атты тақырыпта іс-әрекеттің ұйымдастырылып өтілгені туралы талдау жасады.Бөбекжай саз жетекшісі Г.Утегенова «Домбыра күмбірі»атты тақырыпта іс-әрекеттің ұйымдастырылып өтілгені туралы талдау жасады.Мақсаты:Балаларға қазақтың ұлттық музыкалық аспабы домбыраны тануын,домбыраға деген қызығушылығын ояту,оның дыбысынан ажырата білуге және музыканы қабылдау деңгейін дамытуға мінезіне қарай ажырата білуге үйрету.Тәрбиеші мен саз жетекшінің іс-әрекетті ұйымдастыруы,мақсатының орындалуы,балалардың қатысуы нәтижесі барлығы қанағаттанарлық деңгейде өткізілгені айтылды.Ойын түрінде білім беру бөлімдерінің қамтылуы,кіріктірілуі туралы айтылды.Іс-әрекетте қолданылған әдістерді тәжірибеге тарату ұсынылды.

Шешімі:

1.Аралық мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.Топтарда түзету дамыту іс-шаралары жалғастырылсын.

2.Топ тәрбиешілері тәжірімелерімен алмассын.

3.Топтарда ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттердің қорытындысы бойынша қанағаттанарлық деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:  Ж.Нуралиева

Әдіскер:  М.Маханбет



05.02.2025 ж

Қатысқандар саны- 11

Күн тәртібі:

- 1.Наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктердің өту сапасын талқылап, күн тәртібін бекіту
- 2.Бала өмірін ұйымдастыру.Тамақтану нормаларының орындалуы.
- 3.Төтенше жағдайлардың алдын-алу,сақтандыру шаралары

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктердің өту сапасын талқылады.8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай топтарда «Ана-аса қымбатты жан» атты тақырыпта ертеңгілік жоспары ұйымдастырылды. Балалар үй шаруасында әжелеріне,аналарына қамқор болуды,көмек беру,қуанту т.б ойындарды талқылады. «Наурыз-Ұлыстың ұлы күні»атты тақырыпта топтарда өткізілетін ертеңгілік жоспарының өту сапасын талқылады.Ұлттық құндылықтарды насихаттау,салт-дәстүрді қолдану туралы айтылды. Балалармен мерекені сезініп жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізуді тапсырды.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып ,бала өмірін ұйымдастыру және тамақтану нормаларының орындалуы туралы мәлімдеме жасады.Бөбекжайда бекітілген күн тәртібіне лайықты балалардың уактылы мерзімге сай киінуі,таза ауада жиі серуендеуі,қимыл-қозғалыс дамыту жаттығуларының тұрақты жүргізілуі туралы да айтып өтті.Сондай-ақ тамақтану нормаларының ережеге сай сақталуы,берілуі туралы айтып өтті.Мәдени-гигиеналық тазалықты тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер жатқа қолдануы тиіс.Әрі үнемі бақылауда ұстау қажет екені ескертілді.

2.Тыңдалды : Үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруашылық меңгерушісі А.Тналиева сөз алып ,төтенше жағдайлардың алдын-алу,сақтандыру шаралары және жұмыс уакытында берілетін нұсқаулықтардың сақталуы бойынша айтып өтті.Кеңеске қатысушы қызметкерлерге еңбек барысындағы қауіпсіздік,өрт қауіпсіздігі жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталынуы туралы айтты.Бөбекжай тәрбиешілері тәрбиеленушілердің қауіпсіздігіне тікелей жауапты екені түсіндірілді.Қауіпсіздік ережелерінің сақталуы орындалуы бойынша нұсқаулыққа жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Шешімі:

1. Наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктер жоспарға сай өткізілсін.
- 2.Балалар өмірін ұйымдастыру күн тәртібіне сай жүргізіліп , тамақтану нормаларының орындалуы ережеге сай жүзеге асырылсын.
- 3.Бөбекжайда еңбек жауапкершілігімен жұмыс барысындағы нұсқаулықтардың орындалуы,сақталуы қатаң бақылансын.

Кеңес төрайымы
Хатшысы



Нуралиева Ж.К
Маханбет Ұ.

26.08.2025 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.Наурыз айындағы өткізілген мерекелік ертеңгіліктердің қортындысы.
- 2.Көктем мезгіліндегі сақталынатын қауіпсіздік ережелерінің нұсқаулықтарымен таныстыру

1.Тыңдалды Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктердің өту сапасын талқылады.8-наурыз мерекесіне орай топтарда өткізілген ертеңгіліктің қортындысына талдау жасады. 22-Наурыз мерекесіне «Ұлыстың ұлы күні»атты мерекелік іс-шара өткізілді.Жоспарға сай балалар би билеп,ән –жаттау айтып,ұлттық ойындар ойнады.Тәрбиеленушілер мерекелік көңіл күйде болып, ертеңгілікке қызығушылықпен белсене атсалысып қатысты.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып, көктем мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықпен қайта таныстырылды.Ойын алаңшаларын таза ұстауға,серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға,әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру барысында балалардың қауіпсіздік шараларын орындауға үйретілуі керек екені айтылды.Бөлме іші желдетіліп,балаларға қайнаған сусындар беріп,шаю, іс-шаралары күнделікті жүргізілуі ескертілді.Баланың қауіпсіздігіне тәрбиеші тікелей жауапты екенін түсіндірді.

Шешімі:

1. Наурыз айында өткізілген мерекелік ертеңгіліктердің қортындысы жасалды деп есептелінсін.
- 2.Серуен кезінде балалармен жүргізілетін жұмыстың қауіпсіздік ережелерін сақтау нұсқаулығы таныстырылды.

Кеңес төрайымы

Хатшысы



Нуралиева Ж.К

Утегенова Г.А

21.04.2025 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.«Қош бол бөбекжайым!» бітірушілерге арналған ертеңгіліктің күн тәртібін бекіту.
- 2.Ауланы көгалдандыру жұмыстары
- 3.Ата-аналармен жұмыс күйі.

1.Тыңдалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайда бітіруші түлектердің тізімі жасалып,қоштасу ертеңгілігінің жоспары талқыланды.Балалар 3 жастан бастап 5 жасқа шейін бөбекжайда үйренген алған оқу тәрбие білімдерін ортаға көрсетуді және ата-аналарын қуантуды жоспарлаған қызықты көтеріңкі көңіл күй сыйлайтынын талқылады. Саз жетекші Г.Утегенова және тәрбиешісі С.Сарыбаева мен Г.Орынбаева балалармен өткізілетін ертеңгіліктің ұйымдастырылуы бойынша ұсыныстары мен пікірлерін талқылады.Педагогикалық ұжымға ертеңгілікті жоспардағыдай өткізуі,жауапкершілікпен орындау ескертілді.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Ж.Нуралиева сөз алып, бөбекжайдағы ауланы көгалдандыру жұмыстары туралы айтты.Көгалдандыру балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін мекеме аумағының көркейюі екенін ескертті.Балабақша ауласын әр топ өз учаскелерін әсемдеулері, гүлдер отырғызып оларға күтім жасау керектігін айтып өтті. Көктем мезгілі жанару, көгерту мезгілі, сондықтан топта және балабақша ауласында гүлдер мен көшеттер отырғызу кезені екенін айтып өтті. Топтар мен алаңдарға керекті құралдардың тізімін жасау керектігін айтып өтті.Қызметкерлер толық келісім берді.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Б.Пернебекова сөз алып алдағы мамыр айында өткізілетін ата-аналар жиналысының ,яғни оқу жылының қортындысына талдау өткізілетінін айтты.Топ тәрбиешілері мен ата-аналар арасында бірлескен жұмыстарды,іс-әрекеттердің нәтижесімен бөлісуді тапсырды.Ұжымның оқу танымдық тәрбиелік әрекеттерін көрсету кажет.Ата-аналар тобына балаларды бакшада болу сәтінен үзінді іс-әрекеттерін,ойындарын ватсап чатқа жіберіп,байланыстарды арттыруды тапсырды.

Шешімі:

- 1.«Қош бол бөбекжайым»атты ертеңгілікті жоғары деңгейде ұйымдастырылуы қадағалансын.
2. Ауланы көгалдандыру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Ата-аналармен байланысты арттыру жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы
Хатшысы



Нуралиева Ж.К
Пернебекова Б.К

15.05.2025 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1. Мамыр айында өткізілген іс-шаралардың қортындысы.
2. Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы
3. «1-Маусым» балалар күніне арналған мерекелік іс-шаралар жоспарымен танысу, бекіту.

1.Тыңдалды Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Б.Пернебекова сөз алып, мамыр айында өткізілген іс-шаралардың қортындысы бойынша талдау жасап қортындылады. 1-мамыр Халықтар достығы мерекесіне орай ортаңғы және ересек топтарда «Біз біргеміз» атты тақырыпта ата-аналармен бірлескен ойын сауық ұйымдастырылды. 7-мамыр Отан қорғау және 9 мамыр Жеңіс күні мерекелеріне орай тәрбиеленушілермен өткізілген «Бейбіт күн жасасын» атты тақырыптық іс-әрекетті қортындылады. Іс шаралардың мақсаты орындалды, балаларды патриоттық сезімге, туған елге құрметпен қарауға, еңбекқорлыққа тәрбиелеп жас ерекшеліктеріне сәкес өткізді.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып, жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықпен қайта таныстырылды. Ойын алаңшаларын таза ұстауға, серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру барысында балалардың қауіпсіздік шараларын орындауға үйретілуі керек екені айтылды. Бөлме іші желдетіліп, балаларға қайнаған сусындар беріп, шаю, салқындату іс-шаралары күнделікті жүргізілуі ескертілді.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша педагог қызметкерлер 1-маусым балалар күніне арналған мерекелік іс-шаралардың жоспарын талқылады. «Бақытты балалық шақ» тақырыбындағы іс-шарада балалардың көңіл күйін көтеріп түрлі ойындар жүргізіп, балаларға сыйлықтар үйлестіру жөнінде айтылды. Балалардың қауіпсіздігін сақтау тәрбиешінің басты міндеті екені ескертілді. Ертегі кейіпкерлерімен көңілді уақыт өткізіп ән айтып би билеп қуанышты күн өткізуін тапсырды.

Шешімі:

1. Іс-шаралардың өткізілуі бойынша қортынды жасалды деп есептелінсін.
2. Балалардың қауіпсіздігін сақтау нұсқаулықтары таныстырылды.
3. Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шара жоспарға сай өткізілсін

Кенес төрайымы
Хатшысы



Нуралиева Ж.К.
Пернебекова Б.К.